

Мукушева Еркежан Жумабаевна

Инновациялық банктік технологияларды пайдалану көмегімен қарыз алушының несие қабілеттілігін талдау әдістерін жасақтау (Семей қ-сы, «БанкЦентрКредит» АҚ филиалы материалдарында)

6М050900- Қаржы мамандығы бойынша экономика және бизнес магистрі дәрежесін тағайындауға дайындалған магистрлік жобаның түсініктеме жазбасы

Ғылыми жетекші:

PhD докторы, Еркінова С.Е.

Рецензент:

PhD докторы, Абылкасымова Ж.А.

Магистрлік жоба «_____» _____ 2018 жылы Қазақстан инновациялық университетінің 6М050900-Қаржы мамандығы бойынша экономика және бизнес магистрі дәрежесін тағайындау жөніндегі мемлекеттік аттестаттау комиссиясының отырысында қорғалады.

Мекен-жайы: Семей қаласы, Байсеитов көшесі, 5, ауд _____

Магистрлік жобамен Қазақстан инновациялық университеті кітапханасында танысуға болады

Түсініктеме жазбасы сайтта
орналастырылған www@kiu.kz

«_____» _____ 2018 ж.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Несиелік операциялар – қазіргі нарықтық экономика жағдайында неғұрлым табысты және соғұрлым тәуекелділігі жоғары банктік бизнестің бірі болып саналады және банктік бизнес болып қана қоймай, мемлекеттің ақша-несие саясатын реттеудегі қолданылатын қаржы құралдарының бірі болып табылады. «Несие тәуекелділігі - сыртқы және ішкі орта факторлары әсерінен қарыз алушы тұлғаның банк алдындағы өз міндеттемелерін орындаудан жартылай немесе толықтай айырылуы».

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев 2018 жылдың 10 қаңтардағы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Банктік портфельдерді «нашар» несиеден арылту ісін аяқтау қажет. Ол үшін банк иелері шығындарын мойындай отырып, экономикалық жауапкершілік алуға тиіс. Ұлттық Банк тарапынан қаржы институттарының қызметін қадағалау қатаң, уақтылы әрі нәтижелі болуға тиіс. Мемлекет қарапайым азаматтардың мүдделерін қорғауға одан әрі кепілдік береді» деген. Осы орайда, несиені қайтара алмау тәуекелі көптеген факторлардың әсерінен болуы мүмкін, сондықтан да банк клиентке несие беруге шешім қабылдаудан бұрын оның несиелік қабілетін талдайды. Бұл көрсеткіш банк өтімділігіне ықпал етеді.

Жоғарыдағыларды ескере келе, берілген тақырыптың өзектілігі - банктердің негізгі қызметтерінің бірі несиелік операция болып табылатындықтан, ал несиелік ресурстарға қазіргі кезде сұраныс қатты өскендіктен, банктерге несиелік тәуекелдерден сақтану және төмендету мақсатында міндетті түрде қарыз алушының несие қабілеттілігін талдау әдістерін жаңарту қажеттілігі болып табылады.

Магистрлік жобаны жазудың әдіснамалық негізі болып – Қазақстан Республикасының Заңдары, Қазақстан Республикасы Ұлттық банкісінің нормативтік нұсқаулары, «Банк ЦентрКредит» АҚ несиелік саясаты мен ережелері, Қазақстан Республикасының статистика бойынша агенттіктің мәліметтері болып табылады.

Теориялық негізі болып – қарыз алушының несие қабілеттілігін талдау әдістерін жасақтау бойынша шетелдік және отандық ғалымдардың ғылыми еңбектері табылады. Олардың қатарында ең елеулілері Э. Гиллдің, Э.Дж. Доланның, В.Н. Едронованың, В.И. Колесниковтің, О.И. Лаврушиннің, П.С. Роуздің, Э. Ридтің, В.Т., А.Смиттің, Ф.Дж. Синкидің және т.б. еңбектерін жатқызуға болады. Қазақстанда несие қабілеттілігін талдау туралы сұрақтарының ілімін С.А. Аханов, Ә.Ә. Әбішев, Ұ.М. Искаков, Ғ.С. Сейітқасымов, Мельников, С.Б. Мақыш, Н.Н. Хамитов, А.Д. Шелекбай және басқадай ғалымдар дамытты.

Отандық және шетелдік ғалымдардың көптеген еңбектері «несие тәуекелділігі», «несие портфелі» және «несие қабілеттілік» түсініктеріне анықтамалар беріп, отандық экономиканың дамуына байланысты осы көрсеткіштердің есептелуі мен қолданылуы ұсынылады.

Берілген тақырыптың зерттеу мақсаты болып қарыз алушының несие қабілетін талдаудың теориялық және тәжірибелік негізін оқып үйрене отырып, жаңа инновациялық технологияларды құру болып табылады.

Осы мақсатқа жету үшін жұмыста келесі міндеттер қарастырылып шешілді:

- қарыз алушының несие қабілеттілігін анықтау мен талдаудың теориялық әдістерін жетілдіру;
- банктердегі несие тәуекелділігін басқару жүйесіндегі несие қабілеттілікті талдауды әдістемелік қамтамасыз ету мен оны ұйымдастыру процесін жетілдіру мақсатында қолданылып жүрген әдістемелік базаны зерттеу;
- дамыған мемлекеттердегі коммерциялық банктердің несие тәуекелділігі басқару жүйесіндегі несие қабілеттілікті талдаудың жағдайын қарастыру;
- Қазақстанның банктік секторындағы несие тәуекелділігін төмендету әдісі ретінде несие портфелінің статистикалық және аналитикалық талдау жолдарын қарастыру;
- «БанкЦентрКредит» АҚ несие тәуекелділігін басқару жүйесіндегі қарыз алушының несие қабілеттілікті талдаудың неғұрлым ұтымды жолын ұсыну;
- несие тәуекелділік жүйесін басқаруда қолданылатын модельдерді талдау, оның ішінде «Несие нарығының жағдайы және өлшемдерінің болжамы» моделін қолданып, екінші деңгейдегі банктерге жүргізілген талдау жасау тиімділігін арттыру жолдарын анықтау.

Зерттеу пәні болып - нарықтық жағдайда табыстылығы мен тұрақтылық жағдайының негізі болып оның қаржылық жағдайы табылады. Егер банк қаржылық тұрақты және төлемқабілетті болса, онда ол несиені алу, инвестицияларды тарту, жабдықтаушыларды таңдау, мамандандырылған кадрларды іріктеуде қызметі ұқсас кәсіпорындар алдында бірқатар артықшылықтарға ие болады.

Магистрлік жобаның негізгі сөздер тізімі: банк, несиелік операциялар, несие қабілеттілік, несие тәуекелділігі, несиелік портфель, төлемқабілеттілік.

Іс-шараны жетілдіру бойынша күтілетін нәтижелер:

- теориялық-әдістемелік зерттеудің негізінде «несие тәуекелділігі», «несие қабілеттілік» және «несие портфелі» түсінігіне тұжырым жасалған;
- несие жіктемесіне қатысты несие тәуекелділігі жіктеліп, несие қабілеттілігін бағалауда қолданылатын белгілер жинақталып жүйелендірілген;
- зерттеу негізінде несие тәуекелділігін басқару қызметінің қазіргі жағдайдағы күрделі мәселелері мен кедергі келтіретін факторлары анықталған;
- банктің несие тәуекелділігін басқару жүйесіндегі қарыз алушының несие қабілеттілігін анықтауды кешенді қарастыру жолдары ұсынылған.

Магистрлік жоба нәтижелерінің ғылыми-тәжірибелік маңыздылығы. Магистрлік жобада берілген ұсыныстар мен қорытындылар несиелік банктердің басқару үрдісінде қолданылуы мүмкін. Берілген ұсыныстар тәжірибелік міндеттерді шешуге бағытталған. Зерттеу нәтижелерінің теориялық аспектілері

мен талдау нәтижелері қаржы-экономикалық мамандығы бойынша мамандарды дайындауда және оқу–әдістемелік кешенді әзірлеу барысында пайдаланылуы мүмкін.

Магистрлік жобаның мөлшері мен құрылымы, суреттердің, қолданылған әдебиеттер тізімінің саны. Зерттеудің құрылымы мен мазмұны қойылған мақсат пен міндеттердің шешілуімен, сонымен қатар қарастырылатын сұрақтардың байланыстылығымен анықталған. Магистрлік жоба кіріспе, үш бөлім, қорытынды, пайдаланылған әдебиет көздерінен және қосымшалардан тұрады. Магистрлік жоба мәтіні 40 бетте мазмұндалған, 3 сурет, 8 кесте, 35 әдебиет көзі пайдаланылып, 4 қосымшамен көркемделген.

Зерттеу нәтижелерін сынақтан өткізу (апробациялау) және олардың енгізілуі. Магистрлік жобаның негізгі қағидалары мен нәтижелері халықаралық ғылыми-практикалық конференциялар жинағында басылды.

Зерттеу нәтижелерінің жарияланымы. Магистрлік жобаның негізгі ғылыми нәтижелері мен тұжырымдамалары 0,32 б.б. болатын 1 ғылыми еңбек баспаларында жарияланған.

Негізгі бөлім

Қазіргі несиелеу жүйесі қарыз алушының несиелік қабілетін анықтау әдістеріне де негізделеді. Айта кету керек, қарыз алушының несиелік қабілеті – бұл коммерциялық банк балансының өтімділігін қолдау әдісі болып табылады.

Несиелеу процесі белгіленген мерзімде сауданың қайтарылмай қалуға себепкер болатын көптеген факторлардың іс әрекетімен байланысты болып келеді. Сондықтан да, банк несиесінің берілуі алдын ала ықпал ететін факторларды оқып-үйренуге жағдай жасайды.

Қарыз алушының несиелік қабілеті – бұл қарыз алушының өзінің қарыздық міндеттемесі бойынша толық және уақытылы есеп айырысу қабілеті.

Жеке тұлғаның несие қабілетін анықтау техникасы әр банкте әр түрлі қалыптасқан. Яғни қысқаша айтқанда барлығына бірдей ортақ әдістеме жоқ. Сондықтан да «БанкЦентрКредит» АҚ-ның қолданылатын әдістемесінен мысал келтірейік.

Қарыз алушының төлем қабілетін анықтау үшін мынадай көрсеткіштер қолданылады (кесте 3):


Кесте 3 - Қарыз алушы жеке тұлғаның несие қабілетін бағалау көрсеткіштері

	Көрсеткіштер атаулары	Есептеу алгоритмі
№	1	2
1	Негізгі қарыз төлемінің айлық мөлшері (НҚАТ);	Несиенің мөлшері / несиенің мерзімі
2	Сыйақы мөлшерлемесі бойынша төлемнің айлық мөлшері (СМАТ);	Несиенің мөлшері сыйақы мөлшерлемесі / 12 ай
3	Негізгі қарыз және сыйақы мөлшерлемесі бойынша төлемнің айлық мөлшері (НҚСАТ);	НҚАТ + СМАТ
4	Таза табыс (ТТ)	Жалпы табыс – салықтық және басқа да төлемдер
5	Нақты несиелік қабілеті (ННҚ)	НҚСАТ / ТТ (мәні жобамең 35-45 %- дан төмен болмауы тиіс)

Ескерту: «БанкЦентрКредит» АҚ қаржылық есептемесі негізінде алынған

Мысалы: М.Е. Естаев деген азамат 360 000 теңге сомасында тұтыну несиесін 36 айға, 18 % жылдық сыйақы мөлшерлемесінде сұрап отыр делік. Ол кісінің таза табысы – 18 000 теңге және кепілге жылжымайтын мүлік қояды.

Сонымен қарыз алушымыз төлем қабілетті, яғни оған несие беруге болады. Ендігі қадам кепілге қоятын затын бағалауға арналады. Айталық, кепіл заты ретінде 2 бөлмелі пәтер ұсынылады. Оның нарықтық (салыстырмалы) құны 1 500 000 теңге тұрады.



Сурет 1 - «БанкЦентрКредит» АҚ-ның клиенттерге берілген несиелерінің жиынтық көлемінің динамикасы, млрд. теңге
Ескерту: «БанкЦентрКредит» АҚ қаржылық есептеулері негізінде алынған

Суреттен көріп отырғанымыздай, банктің клиенттерге берілген несиелерінің көлемі талданып отырған кезеңде ұлғайған. Егер 2015 жылы несиелер көлемі 33,6 млрд. теңге болса, 2016 жылы 37,1 млрд. теңгеге артып, 70,9 млрд. теңгені құраған. Ал 2017 жылы 2015 жылмен салыстырғанда 78,0 млрд. теңгеге, 2016 жылмен салыстырғанда 40,9 млрд. теңгеге ұлғайып, 111,8 млрд. теңгені құраған.

Жоғарыда айтып өткендей «БанкЦентрКредит» АҚ тұтынушылық несиелеу бағытында маманданған. Осы орайда жоғарыда талдап өткен банктің клиенттерге берген несиелері тұтынушылық несиелер болып табылады.

Келесі кестеде «БанкЦентрКредит» АҚ-ның клиенттерге берілген несиелерінің құрамы мен құрылымына талдау жасалған (Кесте 4).


Кесте 4 - «БанкЦентрКредит» АҚ-ның клиенттерге берілген несиелерінің құрамы мен құрылымы, млн. теңге

Көрсеткіштер атауы	31.12.2015 ж.		31.12.2016 ж.		31.12.2017 ж.		Өзгерістер, %
	жиыны	үлесі %	жиыны	үлесі %	жиыны	үлесі %	2017ж/ 2016ж
Тұтынушылық несиелер	18395,0	54,40	32132,0	45,29	32830,5	29,37	2,2
Ақшалай берілген несиелер	15383,8	45,50	38776,6	54,66	78096,2	69,85	2,0
Несие карталары	34,5	0,10	35,5	0,05	870,1	0,78	24,5
Жиынтығы	33813,3	100,0	70944,1	100,0	111796,7	100,0	57,6

Ескерту: «БанкЦентрКредит» АҚ қаржылық есептемесі негізінде алынған

Төртінші кестеге талдау жасайтын болсам, банктің клиенттерге берілген несиелерінің құрамында 2015 жылы 54,40% үлес салмақпен тұтынушылық несиелер бірінші жайғасымда орналасса, 2016 және 2017 жылы сәйкесінше 54,66% және 69,85% үлеспен ақшалай берілген несиелер бірінші жайғасымға ауысқан. Екінші жайғасымда 2015 жылы ақшалай берілген несиелер 45,50% үлеспен орналасса, 2016 және 2017 жылдары тұтынушылық несиелер сәйкесінше 45,29% және 29,37% үлеспен орналасқан. Тұтынушылық несиелер 2017 жылы небәрі 2,2%-ға өскен. Ал үшінші жайғасымда орналасқан несие карталарының көлемі есепті кезеңде 24,5 есеге артқан. Жалпы несиелер жиынтығы 2017 жылы 57,6%-ға ұлғайып отыр.

Келесі суретте «БанкЦентрКредит» акционерлік қоғамының қаржылық активтерге қатысты несиелік тәуекелінің максималды деңгейінің динамикасы бейнеленген (сурет 2).



Сурет 2 - «БанкЦентрКредит» АҚ-ның қаржылық активтерге қатысты несиелік тәуекелінің максималды деңгейінің динамикасы, млрд. теңге.

Ескерту: «БанкЦентрКредит» АҚ қаржылық есептемесі негізінде алынған

Бүгінгі күні Қазақстан шикізат отаны болып санала отырып, оны өндіруге қаржыны шетелдік инвестиция көздерінен алып отыр, ол ертеңгі күні бірнеше есе артық қаржы төлеу арқылы дайын өнім алу мүмкіндігіне ие боламыз. Осы тұрғыда несиелік ресурстардың басым бөлігін өндіріс орындарын ашуға жұмсасақ, еліміздің қаржыларын молайтуға, арзан ресурс пен қатар арзан өнімге, әлеуметтік тұрғыда жұмыспен қамтуға қол жеткізер едік, ал бұл дегеніміз ертеңгі күні заңды және жеке тұлғалардың несие қабілеттілігін арттыруға септігін тигізері сөзсіз.

Қорытынды

Мен, магистрлік жобамда қарыз алушының несие қабілеттілігін талдау әдістерін бағалап, оларға талдау жасадым. Талдау барысында көптеген көрсеткіштер мен коэффициенттерді (өтімділік, тиімділік, қаржы левередж және пайдалылық коэффициенттері) пайдалану негізінде олардың қаржы жағдайын анықтадым. Бұл арқылы қарыз алушылардың класын анықтап, сол арқылы банк оларға несие беру керек пе, жоқ па? деген шешім қабылдайды. Банк клиентке несие бермес бұрын, өзіне алатын тәуекел деңгейін және берілетін несие мөлшерін анықтап алуы қажет. Кез келген несиелік операциялар осыдан басталады.

Магистрлік жоба жұмысы мынандай қорытынды жасауға мүмкіндік береді:

- әр елдің және әр банктің несие қатынастарын реттейтін несиелеу жүйесі орын алғанымен оларға бірдей моделді қолдану мүмкін емес, бұл жерде банктердің операция көлемі, ішкі ережелері, қойылатын талаптары болатыны сияқты, клиенттердің несие қабілеттілігін бірдей шартпен талдау мүмкін еместігін айта кеткен жөн. Яғни бір модель бір банк үшін сәтті болса да, екінші банк үшін қолайсыз болуы мүмкін. Осы аталғандарға қатысты, осы еңбекте несие тәуекелділігін басқару жүйесінің, несие қабілеттіліктің және несие портфелінің теориясы зерттеліп, оларға байланысты анықтамалар берілді.

- несие жүйесіндегі тәуекелдерді басқару ұғымымен қатар, несие тәуекелділігі жүйесіндегі қарыз алушының несие қабілеттілігін талдауға байланысты атақты отандық және шетелдік авторлардың еңбектері зерттелді. Осы зерттеу нәтижесінде, еңбектерде білдірілген пікірлерге байланысты тұжырым жасалды, несие тәуекелділігінің түрлері анықталды, несие тәуекелділігімен қатар жалпы банк тәуекелділігінде қолданылатын ұғымдардың ерекшеліктері ажыратылды. Несие тәуекелділігін қарыз алушы түріне қатысты бөлу үлгісі дайындалды. Несие операциясының технологиясын басқару жолдары сараланып, несиелік комитет атқаруға тиіс қызметтер белгіленді және қарыз алушының несие қабілеттілігін бағалауда алға тартылатын белгілер жинақталып жүйелендірілді.

- банк қызметіндегі несие тәуекелдері жүйесін басқару және оның ішінде қарыз алушы несие қабілеттілігін жүйелі басқару жөнінде жазылған отандық еңбектер жоқтың қасы, көп еңбектерде жазылған теориялық материалдардың іс жүзінде практикадан алшақтығы сезіліп жатады. Сол себепті, несие тәуекелділігін басқару жүйесіндегі және қарыз алушыларды несиелеу кезінде туындайтын төлемсіздікті, жалпы тәуекелділікті төмендету үшін ескерілуге тиіс бірнеше факторлар анықталды:

- Қазақстанда несие тәуекелділігін басқарудың толық жүйесіне әлі қол жеткізілген жоқ, несие тәуекелділігін басқару жүйесінде жекелеген элементтер ғана қызмет етуде. Сондықтан, несие тәуекелділігін басқаруға байланысты айтарлықтай қиындықтарға әкелетін олқылықтар және олардың мүмкін себептері зерттелді, несие тәуекелділігін талдаудағы басты міндеттер анықталды.

- қарыз алушының несие қабілеттілігін талдау әдістері үлкен шеберлікті талап ететін іс, сол себепті банктің қарыз алушының несие қабілеттілігін ұтымды бағалай алатын талдау кешені болғаны дұрыс. Біз өз зерттеуімізде, қарыз алушының несие қабілеттілігін бағалаудың кешенді талдауын ұсынып: қарыз алушының несие қабілеттілігін бағалауда алға тартылатын белгілерін, қарыз алушының несие тәуекелділігін басқару әдістерін және қарыз алушыға қатысты несие тәуекелділігін басқару әдістері мен элементтерін, қарыз алушының несие қабілеттілігін бағалаудың қалыпты әдісі талданды.

- несие жүйесіндегі тәуекелдерді басқару мен бағалаудың отандық және шетел тәжірибелерін қарастыра келе, әдістер мен әдістемелердің әр түрінің зерттеу барысында айтылған өзіндік ерекшеліктері мен басымдықтары бар, тек қарыз алушы субъектті жақсы тани біліп, тиісті әдістер мен әдістемелерді орынды қолдана білгенде ғана қарыз алушының несие қабілетін анықтауға мүмкіндік болады деп санаймыз, бұл жерде басты назар несие менеджерінің іскерлік қабілетінде болуы тиіс.

- ҚР Ұлттық банкпен ҚҚА қолданған «Несие нарығының жағдайы және өлшемдерінің болжамы» зерттеу материалдарына сүйене отырып қорытынды жасалды, респонденттер арқылы жинақталған «сауалнама жауаптары несие нарығын болжауда тиімді құрал екендігін көрсетті, бірақ уақыт тұрғысынан алғанда бірнеше ескертпелерге ойлану және жаңадан дайындалған принциптерді ұстана отырып қызмет атқарып, практикаға енгізу қажет.

- болашақта ең алдымен ішкі қаржыландыруға, оның ішінде шетел валютасында сыртқы қарыз алуға емес, теңгедегі депозиттерге сүйенетін тұрақты банк жүйесін дамыту мақсатын алға қою қажет. Оған біраз уақыт қажет, өйткені халықтың банктерге деген сенімін қалпына келтіру және халықты депозиттердің қаражатты сақтаудың тартымды тәсілі екендігіне сендіру қажет. Несие тәуекелдерін басқаруды жетілдіру үшін, банктің несие рейтингін анықтаушы Қазақстандық тәуелсіз рейтингтік және аудиторлық компаниялардың қызметін пайдалану керек және банктерде несие ұсынудың тиімділігіне әсер ететін біз ұсынған несие тәуекелділігін басқару жүйесі қызмет етуі қажет.

Қазақстандықтардың несиені төлеу қабілеті мобильдік мәліметтер арқылы анықталатын болады. Қазір еліміздегі бірінші несие бюросы ұялы байланыс операторларымен бірлесіп, екі жоба әзірлеп жатыр. Алғашқысы – ұялы байланыс операторының банктер мен шағын несие ұйымдарына мағлұмат беруі туралы келісім. Ал екіншісі – қарыз алушының сенімділігін ұялы байланыс мәліметтеріне сүйене отырып бағалау. Мұның барлығы клиенттің қаржылық ахуалын анықтап, алаяқтармен күресуге септігін тигізеді.

Менің ойымша, қарыз алушының қаржылық жағдайы және несиелік тәуекел арасында кері пропорционалды функционалды байланыс бар. Яғни, неғұрлым қарыз алушының қаржылық тұрақтылығы өссе, соғұрлым несиелік тәуекелдің дәрежесі азаяды.

Mukusheva Yerkezhan Zhumabayevna

Development of methods for analyzing the borrower's creditworthiness using innovative banking technologies (in Semey, a branch of Bank CenterCredit JSC)

6M050900 – Finance

The relevance of this topic is that one of the main functions of banks is a credit transaction, and today the demand for credit resources has sharply increased, and banks are required to update methods of analyzing the creditworthiness of the borrower in order to prevent and minimize credit risks.

The aim of the research is to create new innovative technologies by studying the theoretical and practical basis of methods for analyzing the borrower's creditworthiness.

Мукушева Еркежан Жумабаевна

Разработка методов анализа кредитоспособности заемщика с помощью использования инновационных банковских технологий (на материалах АО «БанкЦентрКредит» г.Семей)

Актуальность этой темы заключается в том, что одной из основных функций банков является кредитная транзакция, и сегодня спрос на кредитные ресурсы резко возрос, и банки обязаны обновлять методы анализа кредитоспособности заемщика, чтобы предотвратить и минимизировать кредитные риски.

Целью исследования является создание новых инновационных технологий путем изучения теоретической и практической основы методов анализа кредитоспособности заемщика.

